

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 "Үрғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданды әкімдігінің 2024 жылғы 29 мамырдағы № 76 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 31 мамырдағы № 8587-04 болып тіркелді

Үрғыз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 15 қарашадағы № 196 " Үрғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6462 болып тіркелген) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үрғыз ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. Қызбергенов

Үрғыз аудандық мәслихат
төрағасы

Үрғыз ауданы әкімдігінің
2024 жылғы 29 мамырдағы
№ 76 қаулысына қосымша
Үрғыз ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "15" қарашадағы
№ 196 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысы Үрғыз ауданы бойынша азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерлерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру және мәдениет саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

| № | Лауазымдардың атауы |
|--|--|
| Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы мамандардың лауазымдары | |
| 1 | ММ және МКҚ біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ маманы: қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер, психоневрологиялық аурулары бар мүгедектігі бар балалар мен 18 жастан асқан мүгедектігі бар |

| | |
|---|--|
| | адамдарға күтім жасау жөніндегі әлеуметтік қызметкер |
| Мәдениет саласындағы мамандарының лауазымдары | |
| 2 | Аудандық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры) |
| 3 | Ауылдық маңызы бар ММ және МҚК басшысы (директоры) |
| 4 | Аудандық маңызы бар ММ және МҚК көркемдік жетекшісі |
| 5 | Аудандық маңызы бар ММ және МҚК сектор басшысы |
| 6 | Аудандық маңызы бар ММ және МҚК кітапхана меңгерушісі (басшысы) |
| 7 | ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санаттағы мамандар: барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы |
| 8 | ММ және МҚК біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ мамандар: аккомпаниатор, библиограф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы, режиссер, хореограф, музыкалық әрлеуші, барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер) |
| 9 | ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санаттағы мамандар: библиограф, кітапханашы, барлық атаудағы әдістемеші (негізгі қызметтер), ұжым (үйірме) басшысы |
| 10 | ММ және МҚК біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ мамандар: кітапханашы, мәдени ұйымдастырушы (негізгі қызметтер), барлық атаудағы суретшілер (негізгі қызметкер) |

Ескертпе: Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ММ – мемлекеттік мекеме

МҚК – мемлекеттік қазыналық кәсіпорын